

Шыңғырлау аудандық мәслихатының 2010 жылғы 10 тамыздағы № 31-8 "

Шыңғырлау ауданы бойынша аз қамтамасыз етілген отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсету Қағидасын бекіту туралы" шешіміне толықтыру енгізу туралы

Күшін жойған

Батыс Қазақстан облысы Шыңғырлау аудандық мәслихаттың 2013 жылғы 12 шілдедегі № 14-2 шешімі. Батыс Қазақстан облысы Әділет департаментінде 2013 жылғы 25 шілдеде № 3325 болып тіркелді. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Шыңғырлау аудандық мәслихатының 2013 жылғы 10 қазандағы № 17-3 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Шыңғырлау аудандық мәслихатының 10.10.2013 № 17-3 шешімімен

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", 1997 жылғы 16 сәуірдегі "Тұрғын үй қатынастары туралы" Зандарына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 30 желтоқсандағы № 2314 "Тұрғын үй көмегін көрсету ережесін бекіту туралы" қаулысына сәйкес аудандық мәслихат

ШЕШІМ

ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Шыңғырлау аудандық мәслихатының 2010 жылғы 10 тамыздағы № 31-8 "Шыңғырлау ауданы бойынша аз қамтамасыз етілген отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсету Қағидасын бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7-13-131 мемлекеттік тілде тіркелген, 2010 жылғы 2 қазандағы "Серпін" аудандық газетінде № 39 жарияланған) шешіміне келесідей толықтыру енгізілсін:

көрсетілген шешіммен бекітілген Шыңғырлау ауданы бойынша аз қамтамасыз етілген отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсету Қағидасының 4-1) тармағы мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Шығындар өткен жартыжылдық бойынша толық көлемде көрсетілген қызметтерге есептеледі".

2. Осы шешім алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі

Сессия төрағасы

Ж. Байкатов

Мәслихат хатшысы

Т. Калмен

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК